Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күніне арналған **«Сейфуллин оқулары – 9:** жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно- теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения – 9:** новый вектор развития высшего образования и науки**»** посвященная дню Первого Президента Республики Казахстан. – 2013. – Т.1, ч.1 – Б. 321-323

КӨП ЖЫЛДЫҚ МАЛ АЗЫҚТЫҚ ШӨПТЕРДІҢ ТОПЫРАҚТЫ ӨҢДЕУ АЯСЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРҒАН ТАНАПТЫҚ ӨНГІШТІГІ

Тулегенов А.А.

Қазақстан Республикасының Кедендік одаққа мүше болуы және болашақта Бүкіл әлемдік Сауда Ұйымына кіру жоспары отандық ауыл шаруашылық, оның ішінде мал шаруашылығы өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін көтеруді талап етеді. Осыған байланысты ауыл шаруашылығын қайта жаңарту мақсатында ҚР АӨК дамыту бағдарламасы (Агробизнес 2020) дайындалды. Бұл бағдарламаның даму бағыттарының бірі мал шаруашылығын жүргізу мен бәсекеге қабілетті мал шаруашылығы өнімдерін өндірудің экономикалық тиімділігін арттыру болып табылады. Мал шаруашылығы бағытын дамыту мақсатында мемлекет тарапынан мал азығының өзіндік құнын төмендету арқылы көмек көрсетілмек.

Солтүстік Қазақстанның құрғақ дала аймағында мал азықтық жерлердің үлесі 53 млн. га, оның ішінде Ақмола облысында 7112,6 мың.га аумақты алып жатыр, оның 6843,8 мың.га – жайылымдар. Зерттеулер жүргізілген Еңбекшілдер ауданында ауыл шаруашылығы мақсатында қолданылатын жерлер аумағы 628,8 мың.га, оның ішінде жайылымдар аумағы 357, 1 мың. га.

Соңғы уақытта мал шаруашылығын бей-берекет жүргізу нәтижесінде жайылымдардың өнімділігі төмендеп кетті. Көптеген жайылымдарда шөп жамылғысы бұзылған, тапталған. Шөп жамылғысында шөптердің өнімді түрлері жойылған. Сәйкесінше, экологиялық таза мал азығын алу мақсатында жайылымдықтар құрылымында өсімдіктердің құнды түрлерін сақтап қалу, жойылған табиғи өсімдіктерді қалпына келтіру және жайылымды дәнді-бұршақ өсімдіктерімен байыту қажеттілігі туындайды және табиғи мал азықтық жерлерді (жайылымдар мен шабындықтар) жергілікті топырақ-климат жағдайларын ескере отырып жақсарту мен тиімді қолдану жүйесін дайындау ауыл шаруашылығын зерттеу жұмыстарының заманауй және болашағы бар бағыты болып табылады.

Зерттеу мақсаты мен міндеттері:

Ақмола облысы, Еңбекшілдер ауданы, «Баймырза-Агро» ЖШС-нің құрғақ далалы аймағы жағдайындағы табиғи мал азықтық жерлерге фитотопологиялық және фитоценологиялық бағалау жұмыстарын жүргізу және шабындықтардан 12-14 ц/га пішен және жайылымдардан 15 ц/га дейін жасыл балауса өнімін алуға мүмкіндік беретін шабындық пен жайылымдық жерлерді қалыптастыру және тиімді пайдалану үшін ресурс үнемдегіш технология дайындау мақсатында тиімді мал азықтық дақылдар мен шөп қоспаларын анықтау және таңдау, қолайлы себу мерзімдерін анықтау, топырақты өңдеу әдістерінің өсімдіктердің өсіп-дамуына, өнімділігіне әсерін анықтау.

Тәжірибелер шабындықтар мен жайылымдарды зерттеу әдістемесі бойынша Ақмола облысы Енбекшілдер ауданында ЖШС «Баймырза-Агро» зерттеу 0,6 га жер телімінде жайылымдарды шым қабатын өңдемей және шым қабатын БДТ-10 дискілі тырмасымен өңдеу арқылы үстіртін жақсартудың ресурсүнемдегіш технологиясының негізгі элементтері зерттелді.

Себуге келесі шөпқоспалар таңдалынып алынды:

еркекшөп + қылтықсыз арпабас + жоңышқа; қылтықсыз арпабас + еркекшөп; жоңышқа + қылтықсыз арпабас; эспарцет + еркекшөп

Шөпқоспалар құрамына келесі сұрыптар таңдалды:

еркекшөп – Батыр, қылтықсыз арпабас – Лиманный, жоңышқа – Шортандинская 2, эспарцет – Шортандинский 83;

Себу алдындағы тұқымдардың себу жарамдылығы тұқым паспортына сәйкес келесідей болды: еркекшөп: тазалығы – 96,88%, зертханалық өнгіштігі – 67,6%, өну энергиясы – 52%; қылтықсыз арпабас: тазалығы – 99,40%, зертханалық өнгіштігі – 81,6%, өну энергиясы – 62%; жоңышқа: тазалығы – 99,75%, зертханалық өнгіштігі – 71,7%, өну энергиясы – 67,3%; эспарцет: тазалығы – 100%, зертханалық өнгіштігі – 82,7%, өну энергиясы – 60%.

Себу жұмыстары сәуір айының үшінші онкүндігінде, анкерлі түрендер орнатылған СЗС-2,1 тұқым сепкішімен 3-4 см тереңдікте жүргізілді. Себу мөлшері Қазақстанның далалы аймағына ұсынылған себу мөлшерімен сәйкес анықталды: жоңышқа үшқұрамды шөпқоспасында 2 млн ө.т., эспарцет екіқұрамды шөпқоспасында 2 млн. ө.т., астық дақылдары 2 млн. ө.т..

2012-2013 жылдардың күз-қыс және көктем айларындағы түскен жауын-шашын есебінен тәжірибелік зерттеу жер телімдерінде топырақтың 1 м қабатындағы өнімді ылғал қоры орташа есеппен 123,1 мм дейін болды. Көктемде, бірінші жылғы себілген көпжылдық шөптердің өскіндері шыға бастаған кезде жауын-шашын мөлшері көпжылдық орташа көрсеткіштен елеусіз төмен болды, ал топырақтағы өнімді ылғал мөлшері 110,6 мм дейін жетті. Жаз айларында топырақтың 1м қабатындағы өнімді ылғал қоры түскен жауын-шашын есебінен толығып, шілде айында 172,1 мм, тамыз айында 156,7 мм құрады.

Қаңтар айынан тамыз айына дейінгі ауаның орташа тәуліктік температуралары көпжылдық көрсеткіштен төмен болды.

Осылайша 2013 жылы ылғалмен қамтамасыз етілуі бойынша бірінші жылы себілген шөп қоспалары егістігендегі көпжылдық, бұршақ және астық тұқымдас көпжылдық шөптердің, сонымен қатар бақылау үлескілеріндегі өсімдіктердің де өсіп-дамуына қолайлы жағдай қалыптасты.

2013 жылы қалыптасқан ауа райы жағдайы елеусіз құрғақ деп бағаланды (ГТК - 1,03).

Зерттеу нәтижелері. Өңделмеген табиғи жайылым үлескісіндегі тұқымы тікелей (өңделмеген), екі құрамды және үш құрамды, астық-бұршақ шөпқоспалары себілген көпжылдық астық және бұршақ тұқымдас шөптердің далалық өнгіштігі 30-73,5%, ал БДТ-10 дискілі тырмасымен өңделген және шөпқоспалар тұқымы себілген табиғи жайылым үлескісінде өнгіштік 39-87,5 % құрады.

Шөпқоспалар тұқымы тікелей себілген (өңделмеген) табиғи жайылым үлескісінде ең жоғары өсімдік саны жоңышқаның басымдылығымен күрделі үш

құрамды астық-бұршақ шөп қоспасында (еркекшөп + қылтықсыз арпабас + жоңышқа) – 156 дана/м^2 және екі құрамды астық-бұршақ шөп қоспасында байқалды (қылтықсыз арпабас + жоңышқа) – 176 дана/м^2; БДТ-10 дискілі тырмасымен өңделген және шөпқоспалар тұқымы себілген табиғи жайылым үлескісінде де дәл осындай заңдылық байқалды: ең жоғары өсімдік саны жоңышқаның басымдылығымен күрделі үш құрамды астық-бұршақ шөп қоспасында (еркекшөп + қылтықсыз арпабас + жоңышқа) – 138 дана/м^2 және екі құрамды астық-бұршақ шөп қоспасында байқалды (қылтықсыз арпабас + жоңышқа) – 251 дана/м$^{2.}$

Шымды өңдеу аясы бойынша салыстырғанда БДТ-10 дискілі тырмасымен өңделген нұсқа танаптық өнгіштігі бойынша да (87,5%) шөпқоспадағы жекелеген өсімдіктер саны бойынша да (251 дана/м$^{2.}$) өңделмеген нұсқамен салыстырғанда жоғары көрсеткіштерге ие болды.

Барлық іс-шаралар белгіленген уақытта ҒЗТҚЖ кестесіне 100% сәйкес жүргізілді.

Жалпы алғанда, 2013 жылы қалыптасқан оңтайлы ауа райы жағдайында бірінші жылғы көпжылдық шөптердің өнгіштігі ең жоғары көрсеткіші күрделі үш және екі құрамды шөп қоспаларында байқалды, ал өсімдіктер арасында ең жоғары өнгіштік жоңышқада болды.

Шымды өңдеу аясы бойынша салыстырғанда БДТ-10 дискілі тырмасымен өңделген нұсқа тікелей себілген (өңделмеген) нұсқамен салыстырғанда жоғары көрсеткіштерге ие болды.

Ғылыми жетекшісі: а.ш.ғ.к, доцент Ғ.Ж. Стыбаев